# Жетісу шұғыласы

№36 (8976),
жұма, 15 қыркүйек
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ




***«Ақорда» резиденциясында Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесу өткізді.***

Президент өз сөзінде Қазақстан халқына Жолдауында елімізді дамытуға арналған тың тәсілдер ұсынғанына назар аударды.

***– Біз экономиканың өсімін кемінде 6-7 пайызға жеткізуіміз керек. Ол үшін бизнестің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажет. Осы бағытта біраз шаруа атқарылды. Дегенмен кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де болса бәсең, өз әлеуетіне сай емес деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы серпіліс қажет. Ең алдымен, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мемлекет пен бизнесті жаңа «қоғамдық шарт» жасауға шақырды.

***– Бұл шарттың мәнін былай сипаттауға болады: Мемлекет бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды және жеке меншіктің толық қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде кәсіпкерлер өздеріне жүктелген міндетті, атап айтқанда салық төлеу, экономикаға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, қызметкерлеріне қолайлы еңбек орта қалыптастыру секілді міндеттерді адал орындайды,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас өзара сенімге негізделуі қажет.

***– Мемлекеттік аппарат әрбір бизнесменге заң бұзушы ретінде қарамауы керек. Мұндай ұстаным, түптеп келгенде, басқарудың репрессивті сипатына алып келеді. Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Мұны ерекше атап өткім келеді: кәсіпкерлерге көмектесу керек. Ал кәсіпкерлер шағымданушы немесе қолдауға мұқтаж рөлінде көрінбей, мемлекеттік аппараттың теңқұқылы серіктесіне айналуға тиіс,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент жуық арада шешуді қажет ететін басым міндеттерге тоқталып, ең алдымен, заң үстемдігін және жеке меншіктің қорғалуын қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті.

– Қылмысқа, оның ішінде экономикалық сипаттағы қылмысқа қарсы күрес тек қана заң аясында жүргізілуі керек. Мұндай асырасілтеушілік мемлекеттің мүддесіне ғана қайшы келмейді, сонымен қатар Қазақстанның абырой-беделіне нұқсан келтіріп, менің бастамаларыма халықтың сенімін азайтады. Біз қадағалаудың теңгерімді механизмін қалыптастыруымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы заңгерлер және кәсіпкерлер қоғамдастығымен өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі жөнінде кеңес өткізу қажеттігі пісіп жетілгеніне назар аударды.

– ***Судьялар корпусы бұл қадам азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауға мүмкіндік береді деп санайды. Президент Әкімшілігі аталған мәселені қолға алады. Кассациялық сотты құру жөнінде ортақ пікірге келсек, сот жүйесінің бюджетін арттыруға жол бермейміз,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, сот шешімдерінің 60 пайыздан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіледі. Бұған қоса мемлекеттік аппараттың бизнесті сотқа жүгінуге мәжбүр ететін кемшіліктерді түзету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді. Осыған байланысты Үкіметке Жоғарғы Сотпен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдар қызметіндегі теріс әрекеттерге мұқият талдау жасап, оларды жою үшін пәрменді шаралар қабылдауға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев активтерді қайтару кезінде мемлекет пен бизнестің мүдделері арасындағы теңгерімді сақтауды келесі басымдық ретінде атап өтті.

***– Таяуда активтерді қайтару жөнінде заң қабылданды. Бұл заң активтерді қайтару шараларын бір мақсатқа жұмылдыруға бағытталған. Яғни, бұл – шын мәнінде, қоғамдық келісім актісі. Түптеп келгенде, бұл шара экономикамызды сауықтырып, әлеуметтік жікке бөлінушілік пен адамдар арасындағы алшақтықтың алдын алуға тиіс. Адал бизнеске, шетелдік және отандық инвесторларға бұдан қауіптенудің еш реті жоқ, –*** деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің әлеуетті кәсіпкерлерін металлургия, химия, машина жасау және басқа да салаларда ірі жобаларды жүзеге асыруға атсалысуға шақырды.

– ***Сіздерде қаржы да, тәжірибе де жеткілікті, әлемдік нарықтарға шығатын байланыстар да бар. Сондықтан осындай жобаларды жүзеге асыру мәселесін қарастыруға шамаларыңыз жетеді. Елдің дамуына қаржы құюға дайын екендеріңізді көрсетіңіздер. Адал әрі өз еліне пайдамды тигізсем деген ниеттегі бизнес әрдайым құрметке лайық және олар мемлекеттің қорғауында болады. Ашығын айтайын, жоғары да айтылған өндірістерге инвестиция салу активтердің түп төркінінің заңдылығын дәлелдеуге талпыныс ретінде қарастырылады. Егер сіз ие болған капитал тек меншік иесіне ғана емес, сондай-ақ ұлттық экономиканың игілігіне және Қазақстанның өркендеуіне қызмет етсе, онда бұл – ақшаның қайдан келгені жөніндегі сұрақты күн тәртібінен алып тастауға жақсы себеп. Алайда мұндай мәмілеге келу мүмкіндігі барған сайын азайып келеді. Оны да түсіну керек,*** – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы ынталандыратын әділ салық саясатын жүргізу қажет екенін тағы бір маңызды міндет ретінде атап өтті.

***– Салық органдары кәсіпкерлерді жаппай сотқа тартып жатыр. Атап айтқанда, келісімдерді жарамсыз деп тану жөнінде талап-арыз көп беріледі. Соттардың жүктемесі едәуір артты. Оларға салықтың дұрыс төленуін тексеру міндеті де жүктелді. Бұған жол беруге болмайды. Жағдайды түзеу үшін шаралар қажет. Жалпы, бізде салық қызметі мейлінше тиімді жұмыс істейді. Үкімет жаңа Салық кодексінде салықтан жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімді механизмін қарастыруы керек,*** – деді Мемлекет басшысы.

Президент салық түсімдерінде елеулі сәйкессіздік бар екеніне тоқталып, салық саясатын жетілдіру қажеттігін айтты.

– Еліміздегі салықтың 80 пайызын 260-қа жуық компания төлейді. Бұл теңгерімсіздікті басқа салық төлеушілердің салықтық түсімін арттыру арқылы түзеу керек. Сарапшылардың бағалауына сәйкес елімізде жұмыспен қамтылған жалпы халықтың төрт миллионы табысынан салық төлемейді. Жеңілдетілген салық режимі енгізілгеніне қарамастан, микро және шағын бизнес субъектілері ақша айналымын жасырады және азайтып көрсетеді. Бизнес субъектілерінің 70 пайызға жуығы жеңілдетілген декларацияда бес миллионнан аз табыс көрсетіп, осы режим аясында түсімдердің 6 пайызын ғана төлейді. Сондықтан салық процедураларын жеңілдетіп, халықпен және бизнеспен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы белсенді салық төлеушілерді көбейту жаңа салық саясатының негізгі мақсаттарының бірі болуға тиіс. Салық төлеуден жалтарудан, тексеруші органдармен тіл табысып, тәуекелге барудан гөрі салық төлеу тиімді әрі оңай болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы нақты индустрияландыруды қамтамасыз етуді келесі маңызды міндет ретінде айқындады.

– Күрделі және орнықты экономикаға өнімді орташа және жоғары деңгейде өңдеу сегменттерін белсенді игеретін өңдеу өнеркәсібі негіз болатыны белгілі. Сонымен қатар бұл бағытта кедергілердің көптігі кәсіпорындар «ғұмырының» ұзаққа созылмауынан байқалады. Елімізде екі жылдың ішінде ашылған компаниялардың төрттен бірі ғана нарықта қалады. Салыстырар болсақ, бұл көрсеткіш басқа елдерде 70-80 пайызға тең. Көп жағдайда бұл Қазақстандағы бизнес-ахуалдың әлі де жетілмегенін көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттің пікірінше, мұнай сервисі саласы отандық экономиканы әртараптандырудың және өсімді қамтамасыз етудің негізгі тетігі болуы керек.

– Бүгінде Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарындағы жобаларды жобалаумен басқа мемлекеттер айналысып жатыр. Бұл Теңіз кен орнын келешек кеңейту жобасына да қатысты. Жобалық шешімдерде импорттық материалдар мен құрылғылар есепке алынатыны түсінікті. Бұл отандық өндірушілердің мұнай-газ саласындағы жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейді. Ірі жобалардағы (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) тауарлардың жергілікті үлесі 5 пайызға да жетпейді. Үкімет жергілікті инженерлер мен компанияларды міндетті түрде тарта отырып, жобалық дизайн-офистерді Қазақстанға көшіруге ықпал етуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Орта кәсіпкерліктің дамуын жеделдету – келесі маңызды міндет. Президенттің айтуынша, Қазақстанда шағын және ірі бизнес үшін өте жақсы жағдай жасалған. Сонымен қатар шағын бизнес кәсіпкерліктің аса маңызды саналатын орта буынына көшу үшін ынталандыру жұмыстары жетіспейді.

– ***Орта кәсіпкер, біздің бақылауымыз бойынша, әлдеқайда ширақ, мобильді және құбылмалы нарықтық жағдайларға тез бейімделеді. Иә, соңғы 7 жылда ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің өскені байқалады. Бірақ бұл динамиканың негізгі қозғаушы күші – шағын кәсіпкерлік субъектілері. Олардың саны 46 пайызға көбейді. Осы орайда орта кәсіпкерлік тек 0,5 пайызға өсіп, экономикадағы үлесін 5 пайыздан 6,2 пайызға дейін арттырды. Бұл ретте ЭЫДҰ елдерінде оның үлесі орта есеппен 18 пайызға тең, ал жекелеген мемлекеттерде одан да жоғары, яғни 26 пайызға дейін. Дәл осы орта бизнесті, әсіресе өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлікті қолдау үшін елімізде әлі күнге дейін ешқандай ерекше жағдай жасалмаған, –*** деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Жолдауда кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыруға бағытталған бірқатар тапсырма бергенін еске салды. Атап айтқанда, мемлекеттік қаржылық қолдаудың ерекше шараларын ұсыну, сондай-ақ стандартты салық режимінде жұмыс істейтін бизнес үшін мемлекеттік тендерлерге жеңілдікпен қол жеткізу мәселелерін пысықтау керек.

Бұдан бөлек, Президент Үкіметке қолдау шараларына қатысты тетіктерді сапалы түрде жаңғыртуды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметіне қатысты мәселелерге арнайы тоқталып, Палата бизнес пен мемлекет арасындағы тиімді диалогтың негізгі өзегі болуға тиіс екенін атап өтті.

***– Палатаны одан әрі трансформациялау, оны корпоративтік басқару сапасын айтарлықтай арттыру қажет. Палата кәсіпкерлердің ортақ пікірін толық жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық реформаларды ілгерілететін ұйым болуға тиіс,*** – деді Мемлекет басшысы.

**akorda.kz**

# КЕЗЕКТІ ХІ СЕССИЯ ӨТТІ



***Өткен аптада Ескелді ауданы әкімдік ғимаратының үлкен мәжіліс залында аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов атқарған жұмыстары жөнінде мәслихат депутаттары алдында есеп берді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы «Әкімдердің Мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» жарлығына сәйкес. Кезекті мәслихаттың ХІ сессиясына ауданнан мәслихатқа сайланған 13- депуттатың 10-ы қатысып, және сессияға шақырылған аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл әкімдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мекеме басшылары қатысты.***

Аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов осы күнге дейін атқарған жұмыстары жөнінде өзекті мәселерді алға тартып айтып, оң шешімі шыққанында жеткізді. Есеп беру барысында депутаттар тарапынан өзекті сұрақтар қойылып, жауап та берілді. Сессия барысында аудандық мәслихаттың депутаты Раушан Біліспекқызы Мейірбековаға, Айдын Талғатұлы Құрманғалиевқа сөз берілді.

Раушан Біліспекқызы - «2023 – жылдың 1-қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа жасаған жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайына назар аударып, тапсырмалар берді. Көпбалалы, әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларға жан-жақты жағдай жасалынып төлемақылар төленуде. Ең төменгі айлық жалақысы 2024 жылдың 1-і қаңтарынан бастап 85000 теңгеге ұлғаяды.

Биылғы оқу жылынан бастап, Республика бойынша 1-4 сынып оқушылары әлеуметтік жағдайларына қарамастан тегін тамақтанатын болды. Біздің ауданымызда да осы тапсырма аясында біршама жұмыстар атқарылып жатыр.

Көшелер жарықтандырылып, асфальт төселуде. Аудан тұрғындарының денсаулығын нығайту мақсатында медициналық пункттерді күрделі жөндеуден өткізу және жаңадан салу, оларды жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Абай, Ешкіөлмес ауылдары төтенше жағдайға ұшырап, нөсер жауыннан болған, су шәю мәселесінде орын алған жағдаяттарға да аудан әкімдігі мәселені шешудің жедел түрде жолдарын қарастырды. Жалпы атқарылған жұмыстарды ескере отырып, аудан әкімі

Елдос Тұрсынбайұлының есебін қанағаттанарлық деп бағалауды ұсынамын»-деді. Сессия соңында депутаттар аудан әкімінің атқарған жұмыстарына «Қанағаттанарлық» деген баға берілді.

**ЖШ АҚПАРАТ**

# ГОНКОНГТЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА МҮМКІНДІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

***Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев 2023 жылғы 13 қыркүйекте Гонконгте өткен VIII «Бір белдеу – бір жол» саммитінде сөз сөйледі.***

Кедергісіз сауда, инвестициялық және сауда-экономикалық ынтымақтастық – «Бір белдеу – бір жол» бастамасының басты міндеті. Бүгінгі таңда бастамаға белдеу бойында орналасқан 150 ел және 32-ден астам халықаралық ұйым қосылды.

«Қытай – Қазақстанның екінші ірі серіктесі, 2022 жылы тауар айналымының көлемі $24,1 млрд болды. Арнайы экономикалық аймақпен сауда серпіні қарқынды өсуде: өткен жылы Қазақстан мен Гонконг арасындағы екіжақты саудасаттық 91%-ға өсіп, $51,8 млн-ға жетті. Біз Қытайға $1 млрд-ты құрайтын 135 тауар позициясы бойынша, Гонконгке $600 млн-нан астам сомаға 100 тауар позициясы бойынша шикізаттық емес экспортты ұлғайтуға дайынбыз», — деп мәлімдеді Арман Шаққалиев.

Халықаралық сауданы дамытудың негізгі құрамдас бөлігі – нарықтарды ашу және жеткізу тізбегін дамыту. Арман Шаққалиев Қазақстанның Еуропа мен Азияны байланыстыратын ірі көлік хабына айналу жөніндегі ауқымды жоспарларын айтты.

«Бұл үшін көптеген жағдай жасалды. Жыл сайын Қазақстан аумағы арқылы Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша контейнерлік теміржол тасымалының көлемі өсуде. Қытаймен шекарада “Қорғас – Шығыс қақпасы” АЭА құру толығымен аяқталды. 2014 жылы Ляньюньган портында қытайлық серіктестермен логистикалық терминал құрылды, ол бүгінде Қазақстаннан және Қазақстанға жүктерді жинап-тиейтін негізгі пункт болып отыр. Осы жылдың мамыр айында Сиань құрғақ портының аумағында “ҚТЖ” ҰК” АҚ терминалының құрылысы басталды. “Сәулелі” қағидат бойынша Орталық – Оңтүстік, Орталық – Шығыс, Орталық – Батыс бағыттарында сапасы жоғары автожолдар жобалары іске асырылуда, олар оңтүстіктен солтүстікке, батыстан шығысқа қарай өтуге мүмкіндік береді», — деді министр.

Қорытындылай келе, Арман Шаққалиев Қазақстанның инвестициялық әлеуеті зор екенін, өңдеуші және жеңіл өнеркәсіп, жаңа жоғары технологиялар, жасыл энергетика, инфрақұрылым және қаржы бағытында шетелдік әріптестермен белсенді түрде жұмыс істеуге дайын екенін атап өтті.

Анықтама: «Бір белдеу – бір жол» – Қытайдың Орталық Азия, Еуропа және Африканың 60-тан астам елін байланыстыратын қолданыстағы сауда-көлік дәліздерін жетілдіру және жаңа сауда-көлік дәліздерін құруға бағытталған халықаралық бастамасы. Көпжақты өңірлік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «21 ғасырдың теңіз Жібек жолы» сынды екі қытайлық стратегиялық жобаны біріктіреді.

***«Жібек жолының экономикалық белдеуі» ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің бастамасымен 2013 жылдың қыркүйегінде Қазақстанда бастау алған. Оның негізгі бағыттары:***

1. экономикалық даму стратегиясы мәселелері бойынша пікір алмасу;
2. Тынық мұхитынан Балтық теңізіне дейін бірыңғай көлік инфрақұрылымын салу;
3. кедергілерді жоя отырып, сауда байланыстарын нығайту;
4. валюта ағындарын күшейту;
5. халықтар арасындағы байланысты нығайту.

**primeminister.kz**

# ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ 8 АЙДА 4,9%-ҒА ӨСТІ



*ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің қаңтар-тамыз айларында атқарылуы қаралды.*

*Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин мәлім еткендей, есепті кезеңде Қазақстан экономикасы 4,9%-ға өсті. Атап айтқанда, нақты сектордағы өсім 4,4%-ды, қызмет көрсету саласында – 4,8%-ды құрады. Негізгі салалардың барлығында оң динамика байқалады, құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс ең жоғары өсуді көрсетті.*

*Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 12,2%-ды құрады. Инвестициялар ағыны көлік және қоймалауда – 49%-ға, білім беруде – 31,9%-ға, саудада – 30,1%-ға, ауыл шаруашылығында – 20,7%-ға, өнеркәсіпте – 8,5%-ға өсті.*

*Қаңтар-шілдеде республиканың сыртқы сауда айналымы 5,7%-ға өсіп, $79,5 млрд-ты құрады. Экспорт $44,8 млрд-қа жетті, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты – $14,2 млрд-қа, ал импорт – $34,7 млрд-қа, жалпы алғанда, оң сауда балансы $10 млрд-қа тең.*

*Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың деректері бойынша есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 12,5 трлн теңге кіріс түсті немесе жоспар 97,2%-ға орындалды. Мәселен, республикалық бюджет 8,3 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 4,2 трлн теңгеге толықты. Мемлекеттік бюджет шығыстары 98,6%-ға, республикалық шығыстар – 99,3%-ға, жергілікті шығыстар – 98,3%-ға орындалды.*

*Премьер-Министр тұрақты экономикалық өсімге нақты сектор айтарлықтай үлес қосып отырғанын атап өтті. Мысалы, тау-кен өнеркәсібі мұнай өндіру көлемінің 6%-дан және табиғи газ өндірудің 3%-дан астам өсуі есебінен 4,3%-ға көтерілді.*

*Өңдеу өнеркәсібінде 3%-дан жоғары өсім тіркелді. Атап айтқанда, машина жасауда 28%-дан, оның ішінде автомобиль жасау саласында 42%-дан астам орнықты өсім қалыптасты.*

*Сонымен қатар өңдеу секторында жеңіл өнеркәсіп – шамамен 20%, резеңке және пластмасса бұйымдарын шығару – 7%-дан астам, дайын металл бұйымдары – 6%-дан жоғары, азық-түлік өнімдері – 4% және химия өнеркәсібі – 3%-дан астам жоғары өсу қарқынын көрсетті.*

*Үкімет басшысы құрылыс секторында 11,4% тұрақты өсім қамтамасыз етілгенін айтты. Жалпы 10 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.*

*8 айдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында барлық негізгі көрсеткіштердің өсімі тіркелді.*

*«Қалған өңірлер нысаналы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс», — деді Премьер-Министр.*

*Қабылданған шаралардың арқасында тамыз айының қорытындысы бойынша инфляция 13,1%-ға дейін төмендеді. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және тамақ өндірісін ынталандыру бойынша белсенді жұмысты жалғастыруы тапсырылды.*

*«Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздің экономикалық өсімін орта мерзімді кезеңде 6-7% деңгейінде қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл – Үкімет пен әкімдіктер үшін маңызды міндет. Осы ретте, барлығымызға экономиканың негізгі бағыттарында және өңірлерде тиісті өсімді көрсету үшін тиімді шаралар қабылдауымыз керек», — деді Әлихан Смайылов.*

**primeminister.kz**




# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУДЫҢ ТӘРТІБІ ТҮСІНДІРІЛДІ



*2023 жылдың 13 қыркүйек күні Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі мамандары ауданның жаттықтырушыларына, спорт әдіскерлеріне көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібі мен алу жолдарын түсіндіру мақсатында кездесу өткізді. Аталған шара аудандық дене шынықтыру – сауықтыру кешенінде өткізілді. Шара барысында жаттықтырушылар мен спорт әдіскерлеріне өздеріне қажетті мемлекеттік қызметтерді стандарттарға сәйкес көрсетілу тәртібі мен мемлекеттік қызметтің мерзімдері туралы мәліметтер берілді.*

# ДИПЛОММЕН - АУЫЛҒА ЖОБАСЫ ЖАС МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ



*«Дипломмен-ауылға» жобасын іске асыру ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұрақтауға келген дипломы бар мамандарды орналастыру мәселелерін шешуге оң ықпал етуде. Мәселен, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының деректеріне сәйкес, өңірде жоба басталғалы бергі жылдарда 3750-ден астам маман көтерме жәрдемақы, 2025 адам несие алды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*«2022 жылдың қорытындысы бойынша 136,6 млн.теңгеге 446 маман көтерме жәрдемақы алды, тұрғын үй сатып алу үшін 233 маманға жалпы сомасы 1,1 млрд. теңге несие берілді. Ал 2023 жылы республикалық бюджеттен 206 маманға несие беруге 1,1 млрд. теңге бөлінді. Жергілікті бюджеттен көтерме жәрдемақы үшін 335 маманға 115,6 млн. теңге бөлінді. 2023 жылдың 1 тамызына 66,6 млн. теңгеге 193 адам көтерме жәрдемақы алды», - делінген басқарманың ақпаратында.*

*Атап өтсек, 2024 жылдан бастап аудан орталықтарына жұмыс істеуге келген мамандар үшін бюджеттік кредит 2 500 АЕК-ке дейін ұлғаяды, қалған ауылдық елді мекендер үшін 2000 АЕК-ке дейін өседі.*

*Еске салсақ, әлеуметтік қолдау шаралары денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен т.б. салалардағы мамандарға беріледі.*

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮРГІЗГЕН КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



***Департамент «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды тұрақты негізде камералдық бақылауды жүзеге асырады.***

Камералдық бақылаудың мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және жол бермеу, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын мемлекеттік аудит объектісіне беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес, камералдық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды өзі жойған жағдайда лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Ағымдағы жылдың 8 айында Жетісу облысы Ескелді ауданының бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүргізген 30 млрд. теңгеден астам сомаға 1,1 мыңнан астам мемлекеттік сатып алу рәсімдері камералдық бақылаумен қамтылды.

Камералдық бақылау нәтижесінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік мекемелерге 2 млрд. теңгеден астам камералдық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы 128 хабарламалар жолданып, сол арқылы 30-дан астам лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершіліктен босатылды.

Жиі жіберілетін бұзушылықтар сатып алуға қатысушыларға шектен тыс талаптар қою, қатысушыларды заңсыз қатыстырмау, келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін емес мерзімдерін белгілеу, сондай-ақ біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлмеу болып табылады.

Заң бұзушылықтар құрылыс, білім беру және жолдарды жөндеу салаларында көп орын алады.

Бүгінгі күні барлық хабарламалар орындалған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылып жүргізілуде.

# ЖЕТІСУДА АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ӨСІРУГЕ ДЕН ҚОЙЫЛУДА

Жетісу фермерлері асыл тұқымды мал өсірумен айналысуда белсенділік танытуда. Ауыл тұрғындарының айтуынша, асыл тұқымды малдың өнімі жоғары сапалы болуымен қатар, одан алынған ет пен сүттің мөлшері де ұлғаяды, демек пайда да артады деген сөз. Жалпы, биыл облыста ірі қара саны 612 мыңнан асты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,6%-ға ұлғайған, оның ішінде 273 мыңы – аналық, 46 мыңнан астамы - асыл тұқымды.

Сарқан ауданы Алмалы ауылында құрған шаруа қожалығын Қайрат Ерғалиев 2010 жылдан басқарып келеді. Бірнеше жылдан бері жылқы өсірумен айналысып, ірі қара ұстайды. Енді фермер асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысуға бел байлап отыр. Бұл аудандағы үшінші асыл тұқымды шаруашылық болмақ.

- 2016 жылы мал бордақылау алаңын іске қостым, онда қазір мал ұстайтын ашық және жабық қоралар салып жатырмын, біразы қазірдің өзінде дайын тұр. Малдың бір бөлігін осында ұстаймын, жартысы жайлауда. Қазір қазақтың ақбас тұқымды 24 бұқасын бордақыға байлап отырмын. Өгізшелерді Семей қаласынан жақын күндерде әкелеміз. Отандық тұқымды өсіремі деген шешімге келдім, өйткені ол жылдам салмақ қосады, 7-8 айында өгізшенің салмағы шамамен 300-450 кг, ал 1,5-2 жылға қарай 700-900 кг-ға жақындайды. Жыл соңына дейін асыл тұқымды мал басын 50-60-қа жеткізсем, одан әрі сырттан алмай, мал басын өзім төлдеткен малдың есебінен өсіретін боламын. Бұл бастамаларымда мал шаруашылығы саласындағы өз тәжірибеме сеніп отырмын, - деді Қ.Ерғалиев.

Бүгінгі таңда «Ерғалиев С.» шаруа қожалығында 500-ге жуық мал болса, соның 400 басы - ірі қара мен жылқы. Фермер мал азығын дайындауда қиындық жоқ екенін айтады. Себебі азықтың басым бөлігін өзі өсіреді, яғни шаруашылық тек мал бағытын ғана емес, сонымен қатар өсімдік шаруашылығына да жолға қойған.

Шаруаның өз қаражаты есебінен іске асыратын жобасының жалпы құны 15 млн. теңге шамасында. 300 басқа арналған бордақылау алаңынан өндірілген етті өткізудің негізгі нарығы Алматы қаласы болмақ. Жылына екі айналым жасауды жоспарлап отыр, яғни малдың бір бөлігін сатып, сатылғанның орнына бордақыға қайта мал қойып, осылай үздіксіз жұмыс істеуге ниетті.

Атап өтсек, бордақылау алаңында көң механикаландырылған әдіспен жиналады. Екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып, алдағы уақытта жұмысшы санын 4 адамға жеткізбекші. Орташа жалақы шамамен 120 мың теңге.

Жалпы Сарқан ауданында 2520 бас ірі қараға арналған 13 бордақылау алаңы бар, бүгінде бордақылауда 450-ге жуық бас тұр, қалған мал жайылымда. Ауданда ірі қараның саны 72,5 мыңнан асты. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, облыста жыл басынан бері малдың барлық негізгі түрлерінің саны, сондай-ақ ет, сүт, жұмыртқа өндірісі ұлғайған. Жыл басынан бері Жетісу өңірінде тірі салмақта 62 мың тонна ет сатылған.

Ал асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға келетін болсақ, республикалық палаталардың деректері бойынша бүгінде өңірде асыл тұқымды ірі қара малдың саны - 46 729, қой – 184 320, жылқы - 4542. Бұл ретте Жетісу облысында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға жыл сайын субсидия бөлінеді. Жалпы агроөнеркәсіп кешенін қолдауға осы жылы 29,9 млрд. теңге бөлінсе, соның 23,3 млрд. теңгесі – субсидия.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

# В КОКСУСКОМ РАЙОНЕ СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА С НАСЕЛЕНИЕМ ПО ВОПРОСАМ ОСМС



***В селе Балпык би прошла встреча с незастрахованным населением Коксуского района. В нем приняли участие заместитель акима Коксуского района Ержан Шалкибеков, директор ЦРБ Жаннур Сырымов, заместитель директора филиала ФСМС по области Жетiсу Ганиет Салимгали и заинтересованные местные исполнительные органы в лице представителей управления госдоходов, центра занятости, отдела образования, филиалов ЦОН и КазПочты.***

На сегодняшний день по району есть более 8 тысяч незастрахованных в системе ОСМС. А это составляет 20% от общего количества населения района.

«Проанализировав данные незастрахованных мы выявили что среди них есть лица выехавшие на ПМЖ заграницу, прикрепленные по РПН в Коксускую центральную районную больницу но фактически не проживающие в этом районе граждане и умершие»,- рассказал в своем докладе Ганиет Салимгали.

В данном направлении филиалом Фонда местному исполнительному органу было предложено провести конкретные меры по актуализации информации этих граждан в подведомственных информационных системах.

Также в ходе встречи директор ЦРБ Жаннур Сырымов рассказал об организации медицинской помощи населению района, а жители в свою очередь получили ответы на самые насущные вопросы касательно получения медпомощи и системы ОСМС. От жителей поступило много вопросов касательно оплаты взносов по ОСМС за будущий год, также многих волновал вопрос отмены ЕСП платежа со следующего года. Всем даны исчерпывающие разъяснения.

По завершению встречи заместитель акима района поручил в кратчайшие сроки завершить работу по актуализации данных в информационных системах и принять дополнительные меры по сокращению количества незастрахованных жителей.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»**

# ОТБАСЫ –ӨМІР АЯСЫ



***2013жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі күні «Отбасы күні» мерекесі аталып өтілуде. Мақсаты – жанұялық құндылықтарды нығайту және әрбір қазақстандық отбасының әл-ауқатын арттыру. Отбасының қоғамдық қасиеті мен құны дәулет пен меншікке, мұрагерлікке байланысты болмауы керек, ол жеке адамдардың жүрек қалауы мен ерік ырқына байланысты болуы қажет. Сондықтан да қоғам некелік - отбасылық қатынастың нығаюына, тату-тәттілігі мен берекесіне тікелей мүдделі, оған мейлінше қамқорлық жасауды мұрат етеді, ата-аналардың жауапкершіліктері арқасында көркеюін көздейді.***

Отбасы – зиялы қоғамның діңгегі болғандықтан, әр шаңырақтың аман-саулығы кемел келешекке бастайды. Қысқа уақытта сан алуан өзгеріске ұшырап жатқан қоғамда отбасы құндылықтарын сақтап қалу аса маңызды. Бұл ретте ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беру керек. Себебі, өнегелі ұрпақ тұлға болып қалыптасуға ұмтылады.

Осы күнге орай, музей қызметкерлері мектеп оқушыларына отбасы туралы шара ұйымдастырды. Шара барысында отбасы жайлы көптеген мағлұматтар айтылып, музей экспозицияларының төрінен орын алған Екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың отбасы туралы кеңінен экскурсия жүргізілді. Соңында оқушылар сұрақтар қойып, өз ой- пікірлерін ортаға салып, бірі-бірлеріне әдемі де, әсерлі сөздер арнап, ерекше сыйластық көрсете білді.

**Жанар АХАТАЕВА, Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі**

# В АДГС ПОМОГЛИ ВОССТАНОВИТЬ ПРАВА УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЯМ



*Одним из приоритетных направлений деятельности Агентства по делам государственной службы является обеспечение качественного оказания государственных услуг населению. Особое внимание уделяется защите и восстановлению прав услугополучателей.*

*С начала текущего года Агентством рассмотрено 425 обращений граждан по вопросам качества оказания госуслуг. По итогам были подтверждены доводы и восстановлены права 142 физических и юридических лиц.*

*Кроме того, после проведенных проверок на факт правонарушений к дисциплинарной ответственности привлечены 72 работника госорганов и подведомственных организаций, 14 должностных лиц привлечены к административной ответственности.*

*Наиболее часто гражданами обжалуются действия в сферах земельных отношений, архитектуры, ЖКХ, занятости и социального обеспечения.*

*К примеру, в Актюбинской области выявлен факт необоснованного отказа одному ТОО в предоставлении услуг по регистрации транспортных средств. Услугополучателю отказали в регистрации автомобилей, ссылаясь якобы на наличие у них штрафов. Однако по итогам проверки было выявлено, что основанием для отказа служили некорректные данные в информационной системе СпецЦОН о наличии штрафов, а по факту они были погашены.*

*Так, по результатам реагирования территориального департамента Агентства по Актюбинской области восстановлены нарушенные права услугополучателя, путем государственной регистрации транспортного средства.*

*В Алматинской области отделом строительства, архитектуры и градостроительства Илийского района гражданке неоднократно отказывали в выдаче архитектурно-планировочного задания.*

*Причиной первого отказа являлось отсутствие правоустанавливающего документа на земельный участок, а второго - самовольное строение на участке. Однако при проверке территориального департамента Агентства по Алматинской области установлено, что правоустанавливающие документы на земельный участок приложены и на земельном участке нет самовольного строения. Таким образом, после реагирования уполномоченного органа выдано архитектурно-планировочное задание.*

*В области Ұлытау гражданке было отказано в оказании госуслуги «прикрепление к медицинской организации», в связи с тем, что адрес проживания не входит в зону обслуживания поликлиники.*

*По итогам рассмотрения жалобы территориальным департаментом Агентства по области Ұлытау установлен факт необоснованного отказа, в результате права услугополучателя восстановлены.*

*В Костанаской области в рамках изучения обращения юридического лица установлено, что основная причина несвоевременного оказания госуслуг по субсидированию субъектов агропромышленного комплекса – большой объем рассматриваемых заявок должностными лицами управления сельского хозяйства и земельных отношений акимата Костанайской области, которые должны быть рассмотрены в течение 3 – 10 рабочих дней.*

*В целях защиты прав и законных интересов услугополучателей территориальным департаментом АДГС направлено письмо акиму Костанайской области о разрешении вопроса кадрового обеспечения в управлении.*

*После реагирования управлению выделены дополнительные 4 штатные единицы для укомплектования отделов, осуществляющих функции по рассмотрению вопросов субсидирования.*

*В результате, рассмотрено и принято решение по 14 заявкам услугополучателя на получение инвестиционных субсидии на сумму 195,4 млн. тенге в рамках программы «Субсидирование по возмещению части расходов, понесенных субъектом агропромышленного комплекса, при инвестиционных вложениях».*

*В Северо-Казахстанской области гражданин обратился в ЦОН Жамбылского района за регистрацией прав на недвижимое имущество, подав договор купли-продажи, составленный собственноручно. Согласно законодательству, услуга должна была оказываться на бесплатной основе.*

*Однако ЦОНом предложены платные услуги сопровождения оказания госуслуги по регистрации прав на недвижимое имущество.Таким образом, установлен факт навязывания ЦОНом платных услуг при имеющейся возможности регистрации сделки на бесплатной основе.*

*В результате вмешательства территориального департамента Агентства по СКО услуга оказана на бесплатной основе, а средства за платные услуги возвращены.*

*Необходимо отметить, что в текущем году во всех областях, территориальными департаментами Агентства запущены Telegram-каналы, направленные на оперативное решение вопросов в сфере получения госуслуг и предотвращение нарушений прав и законных интересов услугополучателей.*

*Для этого в Центрах обслуживания населения указаны специальные QR-коды, которые перенаправляют граждан на страницу в Telegram. Если гражданин считает, что его права были нарушены при получении какой-либо услуги, он может подать жалобу на этой странице. При выявлении нарушений сотрудниками Агентства будут приниматься незамедлительные меры по их устранению.*

**Пресс-служба АДГС РК**

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ НАЗАРЫНА



*Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес, өткен жылдың соңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.*

*Жаңалықтардың бірі – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (бакалавр, магистратура) бойынша мемлекеттік тапсырыс оқу орындарын жоғары нәтижемен (GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары) аяқтаған түлектер, осы оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде конкурс өткізілместен «Б» корпусының келесі әкімшілік лауазымдарына:*

*1)облыс ауданының немесе облыстың маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) әкімі және маслихаты аппараттарының төменгі лауазымдарына;*

*2)жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданың және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымдарына;*

*3)аудандық маңызы бар қала,ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымдарына;*

*4)орталық мемлекеттік органның және оның ведомстовсының облыс ауданындағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшылық емес лауазымдарына орналаса алады.*

*Бұл ретте, жас түлек бос лауазымдар туралы ақпаратты әкімдіктен (мемлекеттік органнан) біліуне болады.*

*Азаматтарды мұндай тәртіппен мемлекеттік қызметке қабылдау мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның келісімін ала отырып жүзеге асырылады. Ягни, әкімдік (мемлекеттік орган) түлектің білімін растайтын құжатты (диплом), жоғарғы оқу орны беретін мемлекеттік тапсырыспен оқығаны туралы анықтаманы, бос лауазым туралы ақпаратты еркін нысандағы хатпен уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар негізінде және түлектің бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастырып, лауазымға қабылдауға келісім береді немесе мұндай келісім беруден бас тартады.*

*Қосымша ақпарат алу үшін 8(7282) 241153, 241050, 241161 байланыс телефондарына хабарласуға болады.*

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті**

# СҮЙЕГІ 17 ЖЫЛ ЖӘШІКТЕ ЖАТҚАН МАХАМБЕТ БАТЫР



***"Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбеттен асқан ақын жоқ"***

***Белгілі сыншы Зейнолла Қабдоловтың: "Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбеттен асқан ақын жоқ. Бұл шындықты әр қазақ та, бар қазақ та мойындап болған", - деген сөзі бар. Біреу келісер, біреу келіспес, бірақ бұл – Махамбетке берілген үлкен баға. Бұл пікірді ары қарай заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің: "Махамбет – қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі. Махамбет жырлары - өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы. Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да – бір өзі", - деген сөзі қуаттай түседі.***

Махамбет – ақын ғана емес, батыр, жырау, күйші де. Оның өлеңдеріне де батылдық, өткірлік тән. Содан да болар, ақын өлеңдері еңсесі түскен адамның жанына қуат береді, жігерін жаниды.

Пайғамбар есімін иеленген ақын

Елінің азаттығы жолында асау жырымен де, ержүрек ерлігімен де күреске түскен Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген. Махамбеттің әкесі - Өтеміс шешен, би адам болған екен. Оның төрт әйелінен Тоқтамыс, Бекмұхамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ысмайыл, Сүлеймен, Досмайыл атты 10 ұлы болыпты. Махамбеттің:

Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа қонғанда,  
Жер қайысқан қол едік, - деп жырлауы осыдан болса керек.

Өтеміс діни сауатты жан көрінеді. Шариғат рұқсат берген төрт әйелді алуы ғана емес, ұлдарына Ибраһим, Аюп, Исмаил, Сүлеймен секілді пайғамбарлар есімін беруі, тағы бір баласын Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немересі Хасеннің атымен атауы соның айғағы сипатты. Ал Махамбет есмінің бастауы Мұхаммедте (с.а.у.) жатқанын біреу білер, біреу білмес. Халқымыздың Пайғамбар есімін құрметтеп, "бадырайтып атау көргенсіздік болар" деп, алдына немесе соңына "бек", "қали" сөздерін жалғауы яки "Махамбет", "Махмұд" деп өзгертіңкіреп айтуы бұрыннан бар үрдіс. Белгілі ақынымыз Мұқағалидың да азан шақырып қойылған аты Мұхаметқали еді ғой. Сол секілді Махамбетті де әкесі өзі құрмет тұтатын Пайғамбардың есімімен әдейі атаған секілді. Ол ғана емес, өзге де бауырларына Бекмұхамбет, Қожахмет деп ат қойған Өтеміс би Мұхаммед пайғамбарымызға (с.а.у.) деген ерекше сүйіспеншілігін білдіргендей.

Мұсылманша жазу-сызу мен орыс тілін қатар үйренген Махамбет

Өзге замандастарындай емес, өжет, батыл боп өскен Махамбетті әкесі алдымен, мұсылманша оқуға береді. Махамбет туралы біраз еңбектерге қалам тербеген жазушы Әнес Сарай: "Махамбет қана емес, Өтемістің барлық балалары шағатайша, мұсылманша оқу-жазуға өте сауатты болған. Махамбеттің өз қолымен жазған екі хатының мұрағаттан табылуы – бұған дәлел. Әсіресе ақынның Хиуа сапарынан қайтып оралған соң күрескер серіктеріне жолдаған хаты – сол кездегі жазу өнерінің үлгісіндей", - деп жазады. Осы деректің өзі Өтеміс балаларының замандастарынан озық болғанын дәлелдейді.

Махамбет мұсылманша хат танығаннан кейін орысша жазу-сызуды үйренеді. Шешендігімен, ақындығымен ерте көзге түскен Махамбетті Жәңгір өз жанында ұстауға тырысып, сарайға алдырады. Тұңғышы Зұлқарнайынның жанына қосып, ұлының тәрбиесін, орыс тілін үйренуін оған тапсырады. Солай-солай Махамбетті сарай ақыны етуді көздеген Жәңгірдің мақсаты орындалмады. Ақын Ордада жүріп, қарапайым халыққа жасалған небір қиянаттар мен зұлымдықтарды көріп, ханның жанынан кетіп, онымен ашық күреске көшеді. Жәңгір ханның озбырлықтарын ашып көрсететін өлеңдер жазып, аяусыз сынға алып, халықтың сөзін сөйлей бастайды.

Исатай мен Махамбет – ұлтын бостандыққа бастаған батырлар

Махамбет 1829 жылы жас ақын Жәңгірдің билігін іштен әлсіретпек болған Қайыпқали мен Шөке Нұралыханұлына ілесіп, халық ішінде үгіт-насихат жүргізеді. Қозғалыстың насихатшысы болғаны үшін 1829 жылдың көктемінен 1831 жылдың күзіне дейін Калмыков түрмесінде отырады. Ақынның:

Кеше біз зынданда жатып құбылдық,  
Қамалған көп дұшпанға қор болдық.  
Терезеден телміріп,  
Ағайын мен туғанды,  
Бір көруге зар болдық, - деп келетін "Зынданда" атты өлеңі осы кезде жазылған.

Орынбор түрмесінен қайтқаннан кейін де біраз уақыт Жәңгірдің жанында жүрген Махамбет ел билігіне араласып, 1834 жылы старшын болып сайланады. Соған қарамастан хан сөзінен гөрі, халық үніне көбірек құлақ асқан Махамбет ақыры, ханға қарсы келген Исатайдың сөзін сөйлеп, оның жағына шығады. Ал қамалып, кейін 60 атан айып тартып, қысымға қарсы келген батыр елден кеткенде:

Алдияр тақсыр, ханымыз!  
Исатай батыр кеткелі  
Келмеді біздің сәніміз.  
Тілімді алсаң, тақсыр-ай,  
Шайтанның мойнын жұлдырып,  
Ордаңа қайтып алыңыз.  
Арыстан еді-ау, Исатай!  
Нетесің, тақсыр, табалап,  
Құйттайымда өсіп ем,  
Бауырында паналап, - деп ханның бетін бері қаратпақ болады. Алайда, айтқанға көнетін хан ба? Екеуінің талас-тартысы, бүгінде бізге жақсы таныс "Хан емессің, қасқырсың..." өлеңімен бітеді де, Махамбет Мыңтөбедегі Исатайға барып қосылады. Нәтижесі патшалық Ресейдің бөлшектеуіне, отарлау саясатына қарсы халықтың 1836-1838 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісіне ұласады.

Махамбеттің батырлығы туралы аңыз

Әдетте, Исатайдың жанында Махамбеттің ақындығы алға шығады да, батырлығы кейін қалып қояды. Аңыз Махамбетті керемет найзагер болған дейді. Арасы екі кез жерге түйенің екі құмалағын тастағанда, соның ортасымен шауып өткен Махамбет екеуін де найзаға шаншып әкетеді екен.

Жазушы Сәбит Мұқанов: "Махамбеттің тамаша, ірі адамгершілік қасиетінің біреуі – ол досына жанын қияды, досының дәрежесін өзінен жоғары ұстап, досының атақ-абыройын, жігер-қайратын өзінің алдына сала, өзінен жоғары көтере сөйлейді. Махамбеттің ондай досы – Исатай. Өз басына келгенде Махамбет аса сыпайы адам, ол өзін ешуақытта көтере сөйлемейді, жауына мейірімсіздігін айтқаны ғана болмаса, "мен пәлен бітірдім" деп мақтанбайды. Ал Исатайдың істерін, ерліктерін, сипатын айтқанда да Махамбеттің сөздері нөсер жауындай ақтарылып, аруағы қозып кетеді. Көтерілісті басқаруда Исатаймен бірдей бола тұра, Махамбет өзін Исатайдың қасында кіші санайды", - деп жазады. Расымен де, ақын өз басын мақтағаннан гөрі қандыкөйлек жолдасы Исатайдың ерлігін жиірек жырлап отырады. Бұл – Махамбет батыр болмады деген сөз емес, ақынның кішіпейілділігі болса керек. Өйткені Махамбеттің ерліктері көзі тірісінде-ақ аңызға айналған көрінеді. Бірде Исатай:

– Жұрт осы сені "батыр-батыр" дейді. Кәні, батыр болсаң, мені қорқытшы, - дептімыс.

– Қой, ағасы, сізді қорқыту қайда, біз сияқты жаман інінізге? – деп әдеп сақтаған Махамбет әуелде оның сөзіне көнбейді. Исатай да айтқанынан қайтпайды. Ақыр болмағасын:

– Жарайды, ендеше, - дейді Махамбет. – Мен қазір мына төбенің ар жағына кетейін. Сосын соның басынан бері қарай шауып түсемін. Мен атойлап келе жатқанда кім осы орнында тапжылмай тұрып қалса – сол менен қорықпағаны.

Соны айтады да, Махамбет төбені айналып өтіп, көзден ғайып болады. Сәлден кейін төбенің басында аппақ ала шаң бұрқ етеді де, Махамбет "Ағатай! Ағатай!" деп ұрандап, төбеден төмен қарай құлдилап, бұларға дүрсе қоя береді. Сонда шаңның ішінде 40 найза самсап келе жатыр екен дейді. Исатайдың қасындағы сарбаздарының бәрінің аттары осқырып-пысқырып, кейін шегіншектейді. Тек астында Жолдыкүрең деген аты бар Исатай ғана тапжылмай тұрып қалады. Көміп кеткен шаңның астынан жұрт "Ассалаумағалейкүм, ағасы!" деп атынан түсіп, Исатайдың алдына тізерлеп отыра кеткен Махамбетті көреді.

Ал белгілі Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы: "Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен. Бағыт алған жағынан тайынбайтын қарыспа ер екен. Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған. Махамбет мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей, ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған. 1838 жылы Байкөлікте Бекайдар деген жерде Исатайды 30 жолдасымен орыстың отряды қамайды. Махамбет жолдасымен мылтық атып, садақ атып, найза жұмсап отрядты қайырып, Исатайды екі жолдасымен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң Махамбет жолдастарымен орыстан қашады. Қуғыншылар соңынан қалмай қуып, Махамбетті ұстауға таянады. Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамығын жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп, құтылып кетеді. Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңына жүргізетін мінез емес. Махамбет – жақсы үндеуіш (әгитетір), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы", - деп оның айлакерлігі мен жырымен халқын соңынан ерткен ақындығына ерекше ден қояды.

Махамбет жырларындағы дін тақырыбы

Махамбет ақын өлеңдері негізінен ерлікті, елдікті, батырлықты жырласа да, кей жолдарынан оның діннен терең хабары болғанын байқауға болады. Өйткені, ақын аузынан "Құдайын" тастамайды. "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай" өлеңінде:

Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай,  
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.  
Зеңбірек үш атқанда дарымады,  
Құдайдың міне, қара, сақтағаны-ай, - десе, "Мұнар күн" өлеңінде досы Исатайдан айырылған сәтті:

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бұлықсып жүрген ерлерден,  
Бұрынғы бақыт тайған күн  
...Сандық толы сары алтын,  
Сапырып судай шашқан күн –  
Түс қыла гөр Құдайым,  
Біздей тақ мейманасы тасқанға,  
Біздің ер Исатай өлген күн! – деп суреттейді, "түс болса екен" деп, Жаратушысына жалбарынады.

Махамбет тіпті Баймағамбет сұлтанға айтқан атақты "Мен, мен едім, мен едім" өлеңінде де ауық-ауық Құдайды еске алып, қарсыласының да есіне түсіріп отырады.

...Есігіңнің алдына  
Ұрмай-соқпай келтірген –  
Арманың бар ма, Құдайға?

Махамбет сынды жетімді-ай! – деп бір толғанса, келесі бір жолдарда "хан киген кіреукені үстіме кисем, атандай дауысын ақыртып, басын кессем" дей келе:

Тілекті Құдай бермеді,  
Өздеріңдей хандарды  
Осылай бір қылсам деп едім! – деп буырқана, ашына жырлайды. Осы бір өлеңнен Махамбеттің ажалға қатысты ойын да білеуге болады. Өйткені Алла тағаланың өлшеп берген ғұмыры жетпейінше, ажал да келмейтінін жақсы білетін ақын:

Ханның бетін көру жоқ,  
Кәрің қатты, хан ие,  
Қанша қаттылық етсең де,  
Ажалдан бұрын өлім жоқ, - деп Баймағамбет сұлтан өлтірмекке қанша тырысса да, "ажалы келмей өлмейтінін" ашық жеткізеді. Осы бір ой Махамбеттің өз әскерлерін жауға қарсы үндеген "Айғайласып жауға ти" деген жырында да айтылады:

Батыр болмақ ойдан-ды,  
Айғайласып жауға ти.  
Тәңірім білер, жігіттер  
Ажалымыз қайдан-ды, - деген ақын өлеңде өз батырларына "Өлемін деп қорықпа, ажалыңның қашан келерін Құдай біледі, жауға қырғидай ти" деген ойды меңзеп, екі-ақ жолға үлкен мағынаны сыйдырып тұр.

Ал ғұмырбойы өмірін күреспен өткізіп, "ереуіл атқа ер салып", "егеулі найза қолға алып" елінің ертеңі үшін "ер төсектен безініп", отбасынан алыс кеткен Махамбет кейбір кездері алыста қалған ата-ананың алдындағы парызды да ойлап:

Бізді тапқан ананың,  
Асыраған атаның,  
Ризалықпен жайласып,  
Қолын алар күн қайда? – деп күңіренеді. Теңдессіз сөз зергері Әбіш Кекілбаевтың тілімен айтсақ: "Қазақ даласындағы азаттықшыл ақыл-ойдың бас сардарларының санатында айбынды ақын Махамбет алдымен ауызға ілігеді. Оның жан-жүрегіңді түгел баурап алатын өжет те өктем жырлары әлі күнге сай-сүйегіңді сырқыратар бостандық дұғасындай пәрменді естіледі".

Бассыз қалған Махамбеттің денесі ғана жерленген

Махамбеттің өмірі қандай трагедияға толы болса, өлімі де сондай қайғы-мұңға толы. Жан жолдасы Исатайдан айырылып, өзін бассыз қалған денедей сезінген ақын бірде:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айырылып,  
Жалғыздықпен болдым дос, - десе, келесі бір өлеңінде:

Махамбеттей зарығып,  
Мұңды болған қайда бар? – дейді. Соған қарамастан, ақын халықты қанаушы топпен күресін жалғастыра берді. Нәтижесінде Махамбеттің соңына шам алып түскен Баймағамбет Айшуақов арнайы жасақ құрып, батырды тірідей ұстап әкелген адамға 1000 сом, басын әкелгенге 500 сом сыйақы тағайындайды. Ақынның қалай өлтірілгені туралы Баймағамбет сұлтан 1846 жылы 5 карашада Орынбор шекаралық комиссиясына жазған хатында: "Мен шекаралық комиссияның талабына байланысты Махамбетті тұтқынға алу мақсатында 15 адамнан жасақ құрдым. Ол жасақта Ықылас Төлеев, Жүсіп Өтеулин, Жаңаберген Боздақов, Төрежан Тұрымов және Махамбеттің ағайыны, жайық беріш Мұса Нұралиндер болды. Жасақ Махамбет ауылына жарты шақырымдай қалғанда киіз үйден Махамбеттің інісі Хасен және бес қазаққа қосылып Махамбет те шықты. Олар қашу мақсатында үй сыртынан қашықтау жерде байлаулы тұрған аттарына қарай беттеген мезгілде Төрежан Тұрымов атымен шауып барып, Махамбеттің байлауда тұрған атын босатып жібереді. Махамбет жасақшыларға қарсыласып, қолындағы қанжармен ұмтылғанда Жүсіп Өтеулиннің қанжарды қағып қалу мақсатында жазатайым тиген бір ғана шоқпар соққысынан қаза тапты", - деп жазған.

Арысының өліміне зар жылаған Махамбеттің туыстары Орынбор шекара комиссиясына Баймағамбеттің үстінен арыз түсіреді. Қылмыстық іске тергеу жүргізген Редькиннің Махамбеттің екі әйелінен алған жауабы сақталған. Сонда әйелдерінің бірі 1846 жылдың 31 қазанында берген жауабында былай баяндайды: "Осыдан 12 күн бұрын тама руының старшинасы Ы.Төлеев, беріштің Есенғұл бөлімінің азаматы Ж.Өтеулин және өз ағайынымыз М.Нұралиндер және тағы 12 адам жайық беріш М.Өтемісовтың үйіне келіп, адай руының биі Мауыттың төрт жылқысын немесе олардың құнын қайтаруын талап етті. Махамбет бұл талапты орындай алмайтындығын білдірді. Осы жөнінде әуелі дау туды. Келген адамдар Махамбеттің Б.Айшуақов алдында жауап беру үшін олармен бірге жүруін талап етті, бірақ Махамбет одан бас тартты. Киіз үй ішінде әуелі керіс, одан кейін опыр-топыр алыс-жұлыс басталды. Жанжалдасумен барлығы ұмар-жұмар алысып, сыртқа шықты. Осы кезде М.Нұралин Махамбеттің қолын қапсыра ұстады да, Ж.Өтеулин оның басын қылышпен төбе тұсынан қатты ұрды. Махамбет мерт болды. Жасақшылар оның басын қылышпен шауып алды. Анадайда ат қазықтың түбінде Махамбеттің денесі қалды. Оның үстіндегі киімі далдұл жыртық, басы жоқ. Қоңыр топыраққа қызыл қаны тамған жылы денені құшақтап, жылап-еңіреп, бала-шаға болып біз қала бердік те, келген қанішерлер сандықтағы ақшамыз бен заттарымызды, сегіз жылқы, төрт түйеге қоса, Махамбеттің басын алып, Хасен мен Бітімбайды тұтқындап, Елек өзенінің бойындағы Баймағамбет Айшуақовтың ставкасына кетті", - деген. Байқағанымыздай, Махамбетті Баймағамбет адамдары әдейілеп өлтірген. Тек Орынбор шекара комиссиясы Айшуақовтың жазған хатына сүйеніп, Махамбет қорғаныс ретінде жұмсалған шоқпар соққысынан қаза тапты деген шешім шығарады да, өлтірушілер жазадан құтылып кетеді. Махамбеттің туыстары ақынның қанша сұрап барса да, Баймағамбет оны бермей қояды. Тіпті Исатай мен Махамбет көтерілісін басып-жаншып, көтеріліс басшыларының бірі Махамбеттің көзін жойғаны үшін патша үкіметінің шақыртуымен Петербургке барып, "Қасиетті Анна" орденін алып қайтады. Іштеріне кек қатқан ақынның туыстары, патшадан қайыр жоқ екенін түсініп, сұлтаннан кекті өздері алмақ болады. Махамбеттің бажасы Асаубай Құдайкеұлы Петербургтен қайтып келе жатқан Баймағамбетті 1847 жылдың 30 наурызында Елек өзенінен пароммен өтіп келе жатқан жерінен күтіп алып, паромның арқанын қиып жібереді. Суға құлаған бес адамның біреуі ғана тірі қалып, етжеңді Баймағамбет суға бірден батып кетіпті. Және батырдың түбіне жеткен жауыздың сүйегі қанша іздесе де табылмапты деседі. Ал Махамбеттің басын туыстары Баймағамбет сұлтанның жылқышысынан сұрап жүріп, қайда көмілгенін тауып, денесінің жанына жерлейді.

17 жыл қорапта жатқан сүйек

Патшалық Ресейге түгелдей отарланған, кейін Кеңес үкіметінің құрамына кірген Қазақстанның Батыс өңірінде уақыт өте келе Махамбеттің жерленген жері ұмытылады. Тек 1958 жылы Орал облысына шығармашылық іссапармен барған Тайыр Жароков пен Қажым Жұмалиев "Орал өңірі" газеті арқылы "Махамбеттің қабірін білетін жан бар ма?" деп ел ішіне сұрау салдырады. Сонда қабірді білетін Тайпақ ауданының тұрғыны Құрақ Бектұрғанов деген азамат шығады. Оның үшінші атасы Бектұрған Исатай мен Махамбеттің қарулы көтерілісіне қатысқан достары екен. Ол баласы Тәшенге, Тәшен өз ұлы Дінмұхамедке Махамбеттің бейітін көрсетіп кетіпті. Ал Дінмұхамед ақсақал баласы Құраққа: "Махамбеттей адамдар еш уақытта ұмытылмайды, ұмытылуға тиісті де емес. Күндердің күні оның жерленген жерін іздейтін адамдар табылар. Сондықтан балам, мен Махамбеттің басына тобылғы тігіп кеткелі тұрмын", - деп, Дінмұхамед ақсақал өз қолындағы және Құрақтың қолындағы қамшылардың сабын қайысынан ажыратып, тобылғысын Махамбет зияратының бас жағы мен аяқ жағына көмеді. Баласына тобылғының шірімейтінін ескертеді. Ең сорақысы, 1966 жылы Ноэль Шаяхметов атты антрополог бет-бейнесін жасау мақсатымен Махамбеттің бет-бейнесін жасаймын деп, қабірін қазуға барады. Бұл туралы жанында бірге болған дәрігер Қабижан Әбисатов "Аңыз адам" журналына берген сұхбатында былай әңгімелейді: "1966 жылы 9 шілдеде Махамбет бейітінің басына келдік. Ноэль Шаяхметовтің басшылығымен қазу жұмыстары басталып кетті. 20-30 см тереңдегенде лақаттың орта шенінде күрек бір қатты нәрсеге тиді. Ноэль қолындағы құралымен күрек тиген нәрсені топырақтан босата бастады, ол адамның бассүйегі болып шықты. Қараққұс сүйегінің үстінде бір мойын омыртқа мен екінші мойын омыртқаның жартысы жатты. Бассүйектен төрт терең жарақат көрдік. Ноэльдің қатыңқы қабағы ашыла бастады: "Денеден бөлек жатқан бассүйектегі жарақаттарға және тістерінің санына қарағанда бұл, біріншіден, айуандықпен мерт болған адамның басы, екіншіден бұл бас денесінен шабылып алып. Кейін жерленген, үшіншіден, жасы шамамен 40 пен 50 арасындағы адамның басы. Осыған қарап бұл Махамбеттің бассүйегі деп айтуымызға болады", - деді. Тағы да екі күрек биіктігіндей топырақ алғаннан кейін киіз үй сықырлауығының жарықшақтарына тап болдық. Сықырлауық астындағы лақаттың орта шенінен адамның қол сүйектерін, сәл төменірек жамбас, ұршық, бел омыртқаларын таптық". Сонымен не керек, Ноэль Шаяхметов Махамбет сүйегін Алматыға алып кетіп, 1967 жылы оның скульптуралық мүсінін жасайды. Ал ғалым Мәскеуге көшерінде Махамбеттің сүйегі салынған қорапты Алматыда тұратын апасының үйінің жертөлесінде қалдырып кетіпті. Сұрауы болмай, сүйек 17 жыл бойы қағаз жәшікте, жертөледе жатқан. Тек 1983 жылы ғана Атырау жұртшылығы Махамбеттің сүйегін алдырып, бұрынғы орнына қайта жерлейді.

Тек түрмеде ғана емес, өзін өмірбойы қапаста жүрген адам ретінде сезінген, содан құтылудың жолында қазақ тарихында басын берген жалғыз ақынның өмір тарихы осындай. Жазушы Берқайыр Аманшиннің тілімен айтсақ: "Махамбет халық көңілінің тұнығындағы ең асылын – еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өші мен кегін, азаматтың антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады. Махамбет жырларын оқыған адам тез тұтанып, терең тебіреніп, Исатай сарбаздарының сапында айқасқа кіргендей, жеңіс қуанышын, жеңіліс күйігін бірге кешкендей сезінеді. Ақынның құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кеткен жоқ, сыны түскен жоқ".

Ақын аңсаған тәуелсіздікке жеткен бүгінгі ұрпақ әлі күнге дейін Махамбет жырларын оқып бойына қуат алады, жігерін жаниды... Бостандықтың жолында қандай қиыншылық көрсе де, тәуелсіздік – Махамбеттің орындалған арманы. Ал Махамбет – осы тәуелсіз Қазақстанда шындық үшін, ар үшін, тіл үшін күресіп жүрген Мұхтар Шаханов секілді ақындардың рухани ұстазы:

Нағыз ақын әр кезеңде өзін қағып үлестен,  
Ұлттық рухи мүдде шыңы – шындық үшін күрескен.  
Шындық кәусар ақындыққа болу керек асыл ән,  
Шындықты айтып ер Махамбет айырылған басынан.  
«Ақындар аз сын сағатта сөзден ісі зорайған»,  
Десектағы «Абай қашан жол іздепті оңайдан?»  
Ел, ұлт жайлы сырларымен,  
Жыры биік тұрғанымен,  
Ісі үшін мен Махамбетті биік қоям Абайдан!  
Бұл адамдық ұстанымым қалыптасқан талайдан.  
Кім таныса Махамбетті шындығынан танысын.  
Халқын мұңға қалдырғанмен,  
Сатқынға бас алдырғанмен,  
Еңкейтпестен сақтай білді ол ұлтының өр намысын.  
Жұрт сондықтан пір тұтады Махамбеттей арысын!..  
Күрес әлі жүріп жатыр шындық үшін, ар үшін…

**ЖШ АҚПАРАТ**

# ЖӘҢГІР ХАН ЖӘНЕ ҚАРАСАЙ БАТЫР

***Қарасай Алтынайұлы – 1598 жылы туып, 1671 жылы 73 мүшел жасында қайтыс болған. Арқада Айыртау деген жерге жерленген. Қандыкөйлек досы арғын Ағынтай батыр...***



Қарасай Алтынайұлы – 1598 жылы туып, 1671 жылы 73 мүшел жасында қайтыс болған. Арқада Айыртау деген жерге жерленген. Қандыкөйлек досы арғын Ағынтай батыр екеуін ел-жұрт бір қорымға қатар қойыпты. Қызылжар қаласындағы Қарасай мен Ағынтай ескерткішін көргенде, оны ескерген ұрпаққа өте риза болдым. Өйткені, екі батырдың достығы – барша қазаққа үлгі боларлық достық. Сан рет дода соғысқа түсе жүріп, екі батыр да жау қолынан емес, өз ажалынан өлген. Оның ең басты себебі: екеуінің бір-бірін қорғай білуінде. Қазақтың Ата шежіресін жазып қалдырған Қазыбек бек Тауасарұлының дерегіне қарағанда, Қарасай дода соғысқа кіріп кеткенде, оның ту сыртынан жау тимесін деп Ағынтай қорғаштай жүріп жауға шабады екен, ал Ағынтай додаға кіріп кеткенде Қарасай оның ту сыртынан қорғап соғысады екен. Сол дәстүрді үлгі еткен ұрпақ екі батырды өлгенде де бір араға қойыпты.

Қарасайдың батыр атағы алғаш он жеті жасында 1615 жылы Тобыл жерінде болған соғыста шығады. Ол соғысты Есім ханның өзі басқарады. Он жеті жасар жас жігіт Есім ханның алдына қалмақтың екі пайшысын жаяу айдап әкеліп: «Хан ием, бұдан былай қазаққа тиіскен жау өстіп алдыңызға тізе бүгеді», – депті. Сонда жас жігітке риза болған хан: «Сен енді қазақтың Қарасай батырысың», – депті.

Қарасайдың алғаш соғысқа қанша жасында қатысқанын шежіре анықтап айтпайды, алайда он жеті жасында Есім ханды риза еткен Қарасай батыр атағын әр соғыс сайын әйгілеп тұп-тура елу жыл бойы аттан түспей ел қорғапты, яғни 1615 жылдан 1664 жылғы соңғы жорығына дейін хас батыр деген атын досына да, қасына да жария етті.

Қазақ пен қалмақ соғысы ұзаққа жалғасқан соғыс, XVI ғасырдан басталып, XVIII ғасырдың бел ортасынан асып барып бітті (1758 ж.) Бұл соғыс әсіресе 1635 жылы Батұр қонтайшы билікке келіп, қалмақтардың басын бір мемлекетке бағындырған соң тіпті өршіді. Қазақ үшін өрескел саналатын өз атын өзгертіп, ол қонтайшы болған соң Батұр атын алды. Он мыңдай жақын туысының арқасында билікке жеткен ол бірден Есім хан билігіндегі қазақтарға тиісіп, күш басымдығын көрсетті. Басым түскені соншалық, Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанды қолға түсіріп байлап әкетті. Жәңгірдің дәл осы жылы тұтқында болғанын орыс тарихшылары да жазады, алайда олар оның ол тұтқыннан қалай босанып шыққанын білмейді, жазбайды. Ол кезде орыстар қалмақтармен жақсы қарым-қатынаста болатын. Соған қарамастан, қалмақтардың ол сырды оларға ашпағаны – масқара болғандарын жасырғаны, намыстанғаны. Жағдай, шынында намыстанатындай еді. Жәңгір қалмақ тұтқынында бір жылдай болады. Ұлы үшін алдымызға Есім ханның өзі кішірейіп келеді деп күткен Батұр қонтайшы Жәңгірді кісен салып өз ордасының қасында ұстайды. Ханзаданың бұл халі қазақ үшін де намысты жағдай екені сөзсіз. Сондықтан өзі он жеті жастағы кезінен бері білетін Қарасай батырға Есім хан айрықша сенім артқан болу керек. Оның батырлығы өз алдына, ауылы да қалмақ қотанымен іргелес, жұрты сыралғы. Ол кезде жалайыр, шапырашты, дулат тайпалары Жетісудың шығысында Балқаш маңын жайлайтын. Есім ханның ұлы қалмақтардың тұтқыны болыпты деген сөз қай қазақтың да қабырғасына қатты бататыны сөзсіз. Ердің де, елдің де намысына тиетін жағдай. Осыны жан-жақты ойластырған Қарасай батыр Жәңгірді тұтқыннан қалай босатудың жос¬парын ойдағыдай дайындаған тәрізді. Досы Ағынтай екеуі Сапы-Саты көлінің (қазір Көлсай) қасына қоныстанып, қазақ-қырғыз ауылдарынан сыр тартқан секілді. Ақырында Жәңгірдің қай арада, қандай күйде екеніне әбден көзін жеткізген соң, Ағынтай досын және бір батырды қасына алып, қонтайшы ордасына елеусіз ғана аттанып кетеді. Үш-ақ адаммен тұтқындағы ханзаданы құтқарып алам деу, бір қарағанда, тым ұшқары түсінік сияқтанады. Алайда, жан-жақты ақылға салып, бейқам қонтайшыны бейсауат кезде қапы қалдыруды қарастырған әрекет екеніне істің барысында ғана көзің жетеді. Көшпелі ауылдың кешкі, түнгі тіршілігін жете білетін және соны дәл пайдаланған ерлікке еріксіз риза боласың. Аттарын жақын маңдағы бір сайға тастап, олар қонтайшы ордасына ел жата ғана жақындайды. Орда міндетті түрде таза бастаудың төңірегіне тігіледі. Бастаудың басына әркім әртүрлі жағдаймен бара береді. Бір қалмақ жігіті ат суаруға келеді. Оны байлап, хал-жағдайдың бәрін сұрастырып білген соң, аузын таңып, бастаудың басына тастайды да, өздері ордаға кетеді. Келе бергендерінде алдарынан біреу шығады. Қарауыл қалмақтың бірі шығар деген Қарасай оны күре тамырын басып талдырып тастайды. Үн шығармаудың әдіс-айласын әбден меңгерген батырға ол әдіс аса қиынға соқпаған болу керек. Сол 1636 жылы Қарасай 38 жаста. Батыр атанғанына 20 жылдан асқан кез.

Ағынтай екеуі ұйқыда жатқан қарауылға да тимей, үйдің іргесін көтеріп жіберіп Жәңгірді шығарып алады. Бұл да киіз үйдің тігілу әдісін әбден білетін адам ғана істей алатын әдіс. Жәң¬гірді Қарасай көтеріп алса, Ағынтай бір өндір қымызды көтере кетеді. Оның өзі олардың емін-еркін жүрген жаужүрек жандар екенін әйгілейді. Айналада әскер жоғын, ордада қаптаған қарауыл да жоғын олар алдын ала біліп алған. Он шақты қалмақ жабыла кетсе, үшеуіне олардың түк болмасын тағы біледі.

Ағынтай бұлақтың қасына келген соң, Жәң¬гірді аяғындағы кісеннен босатады. Сөйтеді де, тағы қонтайшының үйі жаққа жүгіріп барып, қалмақтың қызы екен деп, біреуді көтеріп әкеледі. Қарасайдың талдырып кеткен қалмағы қонтайшының өзі екенін, ол далада ұзап кеткен соң, оны іздей шыққан адам әйелі екенін де олар кейін біледі.



Бұл ерлік – көшпенді елге ғана тән ерлік. Бір-бірінің тұрмыс-тіршілігін, бейғам өмірін өте жақсы білетін адамдардың ғана қолынан келетін ерлік. Жүректілік деген осы: жау ордасын¬да да өз үйінде жүргендей емін-еркін әрекет жасайды. Өйткені, қандай қауіп барын, оған өз шамаларының еркін жететінін әбден білетін адамдар ғана осындай ерлікке барса керек.

Қонтайшыны талдырып тастап, ордасын үш қазақ келіп ойрандап, үйқапаста ұстап отырған тұтқынын босатып әкету, онымен қоймай, қон-тайшының сұлу әйелін қоса алып кетті деген, шынында да масқара емес пе? Жастан да, достан да жасырасың, бірақ қанша жасырсаң да ел естіп қойса масқара ғой! Міне, қалмақтың да, орыстың да тарихшылары анық біле алмай, тек қазақтың ғана у-шу әңгіме қылатын себебі осыдан.

Қарасайды әкесі Есім ханды қалай бағалай¬тынын, Ағынтай екеуіне соншалық сенетінін, әрине, Жәңгір де білген болар. Сондықтан ол да екеуіне ең қиын сәтте арқа сүйеген деп ойлаймын. Оған дәлел – Орбұлақ оқиғасы.

Орбұлақ шайқасы 1643 жылы, шамамен шілде айында, Жетісудың шығысында, қазіргі Белжайлау деген жайлаудың батыс жақ шетінде болған. Оның қалай болғанын, немен аяқталғанын орыс пен қалмақ тарихшылары да, қазақтар да жазған. Соның ішінде оқиғаның болған-біткенін өз құлақтарымен Батұр қонтайшының ордасынан естіп шыққан орыс елшілері Ильин мен Кучембердейконың Тобыл әскербасы Куракинге жазған мәлімдемесі түпнұсқа деректе жатады. Оны тарих ғылымдарының докторы В. Галиев өзінің «Хан Джангир и Орбулакская битва» деген кітабында (Алматы, «Ғылым», 1998), «Русско-монгольские отношения» деген кітаптан алып (Москва, «Наука, 1959) тұңғыш рет Қазақстанда жариялады.

Ильин мен Кучембердейко бұл соғысқа Батұр қонтайшы 50 мың қолмен аттанса, қазақ қолы 600 адам болды, ал оған Жалаңтөс батыр 20 мың қолмен көмекке келді деп жазады. Ал Қазыбек бек Тауасарұлы қалмақтың 50 мың қолына Жәңгір бастаған 700 батыр оқпана қазып, қарсы тұрды, Жалаңтөс 23 мың қолмен көмекке келді деп жазады. Мен Қазыбек бек бабамыздың жазғаны шындық деп ойлаймын. Өйткені, ол атасы жазып кеткен Матай шежіресіне сүйеніп айтып отыр. Өз тарихын қазақ өзгелерден гөрі анық білуге тиіс.

Орбұлақ шайқасы кезінде Қарасай батыр 45-те. Бұл – батыр үшін кемел жас. Әкесі Есім ханның бас батыры болған, өзін жау тұтқынынан жаужүректікпен құтқарып алған Қарасайды Жәңгір батыр деп қана емес, жанашыр досым деп те бағалаған болар. Оған айрықша сенгенін осы Орбұлақ шайқасында оған ең қиын тапсырманы сеніп тапсырғанынан да аңғаруға болады. Екі шақырымнан асатын оқпана ордың басшылығын Жәңгір Қарасайға сеніп тапсырады. 700 жаяу жауынгердің жартысы оқпанаға бекінсе, Жәңгірдің өзі басқарған 300 ат үстінде Қызылқия қалқасына бекінеді. Жер ыңғайын көрген адам ол соғыстың басты ауыртпалығы оқпана ішіндегі жаяу жауынгерлерге түскенін бірден аңғарады. Алайда, оқпана оңайлықпен алына қоймайтын қамалдан да мықты еді. Жер ыңғайының өзі сәтті табылған және қорғанысы мен шабуылы жан-жақты ойластырылған бекініс еді. Бекіністі қазған кездегі қазақ батырларының негізгі ойы жаудың 50 мың қолын бөгеу емес, оларды мейлінше мол қыру болғаны еріксіз таңдантады. Жауды қарауылға ілудің түр-түрі ойластырылған да, есесіне сол кезде өздеріне оқ тимеуі тіпті мұқият қарастырылған. Оқпанада түрегеп тұрған адамның тек басы ғана қылтиып көрінетіндей жағдай жасалған.

Шындығында солай болғанын Жарбұлақтың қасындағы Үшсудың құйғаны аталатын мүйістегі аз ғана көне бейіт әйгілеп тұрғандай. Тек Жарбұлақ үстіндегі Жалаулы жотасының желкесінде жатқан үлкен жалғыз бейіттің ғана болмысы жұмбақ. Кім жерленгені белгісіз. Бәлкім, әйгілі батыр шығар? Бәлкім, ол соғыстан не бұрын, не кейін жерленген біреу шығар? Дәл мойнаққа неге дара жерленгенін ешкім айта алмайды.

Біздің көп батырымыздың сан ерлігі айтылады да, бірақ сол ерлікті дәл қай жерде, қай жылы жасағаны көбіне белгісіз қала береді. Ал Қарасай батырдың жасаған ерліктерінің жылы мен жері көбіне нақты айтылады. Ал Орбұлақ шайқасының орнына дейін белгілі. Бірақ сол тарихи жердің тап бүгінгі күтімі мен еленуі еріксіз қынжылтады. Кеңес дәуірінде Ордың бұлағына сиыр малын жайғызбайтын. Қазір жапа мен тезектің бопырынан ордың сілемі күн сайын бітеліп барады. Аз жылда ізін де таба алмай қалатын сияқтымыз. Өзінен жетпіс еседен артық жауға жеті жүз адам¬ның қасқайып қарсы шығуы әлем тарихында кездеспейді. Бірақ сондай ерекше тарихты ерекше қастерлей алмай отырмыз. Ол – Жәңгір мен Қарасай батырдың ерлігіне ғана куә жер емес, халықтың ерлігіне куә болып жатқан қасиетті мекен. Ол қасиетті соғысқа арғын Ағынтай, Қомпай, найман Көксерек, Бөде, дулат Жақсығұл, Сырымбет, суан Елтінді, ұзынмұрт Ұзақ, қаңлы Сарбұқа, қырғыз Көтен, Табай, кіші жүз Жиембет, Жалаңтөс батырлар қатысқан. Атыраудан Алтайға дейінгі қазақтың хас батырлары түгел бас қосқан. Ол соғыста орыс мәліметі бойынша қалмақтың он мыңы, Қазыбек бектің айтуынша он бір жарым мыңы қырылған. Былайша айтқанда, оқпана мен Қызылқияға бекінген әр қазақ батыры орташа есеппен 16-17 қалмақты өлтірген. Бұған мақтану – обал, бағалай білу керек. Ел бастаған ханымыздың кемеңгерлігін, ел қорғаған батырларымыздың қасиетін қастерлей білуіміз керек.

Жәңгірдің әкесі Есім ханды халық құрметтеп «Еңсегей бойлы ер Есім» және «Есім ханның ескі жолы» деген. Оның негізгі жолы – ел іргесін берік сақтау. Ол үшін әуелі ел ішін бірлікте ұстауға тырысты. Оның хас батырлары бүкіл қазақ өңірінен бас қосқан шапырашты Қарасай, Сүлеймен, Сиқымбай, арғын Ағынтай, Қомпай, найман Көксерек, қоңырат Алатау, кіші жүз Жиембет, қаңлы Сарбұқа болатын. Тұрсын хан өз билігін үстем ету үшін Тәшкенді қорғаса, Есім хан қазақ жерін жырымдамау үшін соғысты.

Тобылды (1615 ж.) Хазар теңізін (Каспий), оңтүстік шекараны және Жетісуды қорғап соғысуы оның қазақ жерінің тұтастығына үлкен мән бергенін аңғартады. Қазыбек бектің жазуы бойынша, ол Жәңгір тұтқынға түскеннен бес жыл кейін 1640 жылы қайтыс болған. Орбұлақ шайқасына Жәңгірдің басшылық жасауы сондықтан. Есім ұзақ ауырған, сондықтан өз орнына Жәңгірдің хан болуын күні бұрын белгілеген де болу керек. Алайда, 1643 жылы Орбұлақ шайқасына басшылық жасаған Жәңгірді ешкім әлі хан деп айтпайды. Соған қарағанда және Жәңгірдің ел ішінен көмек іздемей, алыстағы Жалаңтөстен көмек сұрауы ел ішіндегі билікке таласқан алауыздықтан болуы керек. Орбұлақ жеңісінен кейін Жәңгірмен таласудың бекер екенін біліп, таққа таласушылардың көмейіне тас тығылған секілді. Орбұлақ шайқасына да Есім ханның хас батырлары түгел қатысқанына қарағанда ел қорғаған батырдың бәрі Жәңгірді қолдаған.

Халық Жәңгір ханды Салқам Жәңгір деп дәріптеген. Ол да әкесі Есім хан сияқты елін сүйген, ел батырларымен бірге жүрген, өзара сый¬ласқан адам болса керек. Оның өлімі – мәрттік пен намысқойлықтың көрінісі.

Қазақ-қалмақ соғысының өзге ел соғысына ұқсамайтын өзгешелігі көп. Мәселен, мүлде зерттелмеген Ошақ соғысы, Құйрық жеу соғысы, Ай қораланды соғысы және ғұн дәуірінен келе жатқан Үлкәр жәрік сияқты соғыс әдістері болған. Ең көп тараған әрі міндетті саналған соғыстың бір түрі – жекпе-жек. Оған екі жақ күні бұрын келіседі екен. Үш, төрт не он жекпе-жекке шығамыз немесе бес күн, он күн шығамыз деп келіскен. Сонан соң ғана жаппай дода соғысқа кірісетін болған. Мәселен, Хазар маңындағы соғыста қазақ-қалмақ қолы 83 күн бойы жекпе-жекке шығыпты, 1627 жылғы сол соғыста Қарасай батыр мен Ағынтай он бір рет жекпе-жекке шығып, жауын жер жас¬тандырады. Жекпе-жекке кім-кім шығатынын қолбасылар ақылдасып шешкен. Кейде күтпеген жағдайлар да болып тұрған. Кей-кейде кейбір батыр қарсы жақтың бір батырын атап тұрып жекпе-жекке шақырған. Ондай ұсыныстан бас тарту тірі өлім саналған, сондықтан одан бас тарту жағдайы не шежіреде, не жазба тарихта кездеспейді. Жекпе-жектің заңы бойынша қарадан шыққан батыр қарсы жақтың хан тұқымын шақыруға хақысы жоқ. Міне, осы заңды пайдаланып, 1653 жылы Сесен тайшының он жеті жасар баласы ол кезде егде тартқан Жәңгірді жекпе-жекке атап шақырады. Ондағы ойы – егде кісіні әбден шаршатып барып жеңу. Оның бұл ойы, өкінішке қарай, сәтті жүзеге асады. Ұзаққа созылған шайқаста Жәңгірдің шаршағанын пайдаланып, Сесеннің ұлы Ғалдама (қазақтар Қалдан дей салады) жеңіске жетеді. Бірақ сонан соң лап қойған қазақтар қалмақ қолын быт-шыт қылып жеңеді де, Жәңгір ханды сол араға жерлейді. «Жәңгірдің сүйегі өзі қаздырған оқпанадан ат шаптырым жердегі Сарыбелге қойылды», – деп жазады Қазыбек бек («Түп-тұқияннан өзіме шейін», 1993 ж., 204-бет). Бұл дерек Жәңгір жерленген жерді өте дәл көрсетеді. Ол айтып отырған Сарыбел бұл күнде сол Жәңгір жатқан бейітке бола Үйгентастың белі аталады. Ол Үйгентастың бейіт екенін 1856 жылы Қашғарға бара жатқан сапарында Шоқан да көріп, ол туралы бірер пікір де жазған. Ол ара Орбұлақтан шынында да ат шаптырым жерде, шамамен екі арасы он-он бес шақырым жер. Ортадағы үстіне тас үйілген бейіттің Жәңгірдікі екеніне де сенеміз. Қазіргі Итшоқы аталатын аласа таудың іргесінде шағын ғана қорым жатыр. Оның айналасын дөңгелене қоршаған елуден аса бейіт бар. Ортадағы хан Жәңгірдің бейіті болса, оны қоршап жатқандар шейіт болған батырлардың бейіті болу керек. Өмірде ханын қорғап соғысқан ерлер өлгенде де ханын қоршап, орталарына алып жатыр. Ал Жәңгір бұл жерді тірлігімде де қорғадым, өлгенде де қорғап жатырмын дегендей.

Өкінішке қарай, бұл бейіттің жай-күйі мәз емес. Осыдан отыз-қырық жыл бұрын көргенімде, сонадайдан көзге түсуші еді, қазір күн санап шөгіп барады. Тарихи ескерткіш ретінде Орбұлақ та, бұл бейіт те мемлекет қорғауына әлі алынбаған. Биыл жайлаудан электр бағанасын тартқан бәтшағарлар бір-екі бейітті трактормен таптап өтіпті. Жәңгір бейітінің бір жағы жол ашқан әлдекімнің кесірінен кетіліп жатыр. Қысқасы, хан бейіті деудің өзі ұят. Жалпылай сөйлегенде, шетімізден ел сүйгішпіз, хандарымызды қастерлегішпіз, ал нақтылап келгенде, тек тіл безегішпіз.

Сөйтіп, Жәңгір хан 1653 жылы ұрыста шейіт болыпты.

Ал оның ата жауы Батұр қонтайшы ше?

1652 жылы Батұр қонтайшы тағы қыр¬ғыздарды шабады. Қырғыз бауырларына көмек¬тесу үшін Қарасай батыр ол соғысқа бес мың қол бастап барады. Елу төрттегі хас батыр мұнда да теңдессіз ерлік жасайды. Ұрыстың қызу кезінде додаға кірген Қарасай алды-артын жапырып Батұр қонтайшының өзіне қарай ұмтылады. Оны да ең атақты батырлары қорғайды емес пе, соған қарамастан Қарасай Батұр қонтайшыға бұзып-жара келіп, оның оң қолын қылышпен шауып жібереді. Қонтайшысы жараланған қалмақтар қашып қана жан сақтайды. Алайда, Қарасайдың қылышы Батұрға ажал оғы болып қадалады. Келер жылы, яғни Жәңгір хан өлген 1653 жылы ол да жарасы асқынып көз жұмады. Жәңгірдің кегін, ойлап қарасақ, Қарасай батыр осылай алған.

Жәңгір ханды да, Қарасай батырды да Қазақ хандығының 550 жылдығында өстіп бір еске алуды өзімнің парызым санадым. Өйткені, екеуінің өмірін елестететін Орбұлақты да, Жәңгірдің бейітін де мен жылына ең кем дегенде бір көріп, бір рет дұға қыламын. Шамам соған ғана жетеді.

Ел билеген ханымыз бен ел қорғаған баты¬рымыздың бауырмал сыйластығы, ынтымақты сенімділігі – ұрпақ үшін ұмытылмас үлгі.

**ДЕРЕККӨЗ КӨЗДЕРІНЕН**

# ДЕТСКАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ В РАМКАХ ОСМС



***В городе Талдыкорган, в живописном месте на берегу реки Каратал располагается детский реабилитационный центр Куншуак. На сегодняшний день центр является единственным в регионе по реабилитации детей с заболеваниями органов дыхания.***

Всем известно, что с 2020 года медицинская реабилитация и восстановительное лечение вошли в список медуслуг оказываемых за счет ОСМС. Таким образом, с 2020 года финансирование реабилитационных услуг увеличилось более чем в десять раз.

Об изменениях в сфере реабилитации после внедрения ОСМС рассказал директор центра «Куншуак» Нуртас Акимбеков.

«В радиус обслуживания входят все районы области Жетісу, включая города Талдыкорган и Текели, где проживает около 200 тысяч детского населения. Реабилитационный центр рассчитан на 75 койко-мест. У нас проходят оздоровительное лечение дети от 5 до 18 лет в условиях круглосуточного стационара. На сегодня растет число детей с аллергическим фоном, что зачастую приводит к возникновению бронхитов с обструктивным синдромом, который может перейти в бронхиальную астму, что очень опасно. После перенесенного обострения болезни, каждый ребенок нуждается в своевременной реабилитации, которая дает полное восстановление функций внешнего дыхания, благодаря четкому алгоритму наших врачей улучшается общее состояние ребенка»,- поделился он.

Для проведения лечебно-диагностических мероприятий центр имеет соответствующее своему профилю специально-оборудованные диагностические и лечебные кабинеты: физиотерапевтический, лечебной гимнастики и зал лечебной физкультуры. Есть лечебные процедуры в солевой шахте, биоптрон, электрофорез, кислородный коктейль, УФО. В отделении термотерапии есть душ Шарко, гидромассажная ванна, термотерапия в виде фитобочки и душевые.

«С внедрением системы обязательного социального медицинского страхования увеличилось финансирование на реабилитационные услуги. В 2020 году было выделено 31,8 млн тенге и прошли лечение более 330 детей, в 2021 году выделено 84,3 млн тенге и реабилитацию прошли более 810 детей, в 2022 году было выделено 100,2 млн тенге и посетили центр более 950 детей. В 2023 году на восстановительные медицинские услуги в рамках ОСМС предусмотрено 137, 2 млн тенге и только за 8 месяцев центр посетили более 672 детей»,- поделился директор центра Нуртас Акимбеков.

К слову, об оснащенности центра. В 2020 году приобретены аппарат для приготовления кислородного коктейля, биоптрон, электрофорез, душ Шарко и гидромассажные ванны, фито- бочки. А также сделана соляная комната. В 2021 году приобретены оборудования и оснащен зал ЛФК шведская стенкой для детей и подростков, механическим массажным креслом, Аппаратом Тредмил для тестирования с нагрузкой, велотренажерами.

Таким образом, в начале 2022 года оснащенность медицинским оборудованием центра составляла 41%, на конец года оснащенность была на уровне 73%.

По словам директора охват реабилитационным лечением проводится по направлению бюро госпитализации. Оплата производиться за счет ОСМС. Реабилитационную помощь получают пациенты в независимости от места проживания и прикрепления к медицинской организации.

«У каждого ребенка с заболеванием легких есть возможность пройти качественное, а главное эффективное лечение абсолютно бесплатно. А с текущего года у нас есть услуги по реабилитации детей с диагнозом болезни нервной системы и органов чувств, ДЦП легкой формы и детей с диагнозом «Скалиоз». Важно подчеркнуть, что в центре дети не только проходят оздоровительные процедуры, но и обучаются новым навыкам, знакомятся друг с другом. Мы делаем все, чтобы детям было интересно. К слову, в центре имеются детские и спортивные площадки для волейбольных, футбольных, баскетбольных игр, а также настольного тенниса. В свою очередь ребята проходящие курс лечения, отмечают, что здесь ощущение как будто в лагере, очень весело, познавательно, а еще и полезно. Такие центры очень важны как для детей, так и для родителей. Иногда нужна поддержка со стороны, а опытные специалисты, помогают детям побороть страх, справляться с болезнями и психологическими барьерами», -сказал он и поделился одним из многочисленных положительных истории своих маленьких пациентов.

«Через бюро госпитализации к нам на реабилитацию пришла девочка с диагнозом Бронхиальная астма. Она поступила к нам с сильной отдышкой и кашлем. В легких свистящие сухие хрипы. После проведенных курсов светолечений аппаратом Биоптрон, солевого лечения, после получения сегментарного массажа и других интенсивных процедур состояние девочки улучшилось. Уже на третий день лечения прошла отдышка, хрипы уменьшились. При выписке девочка чувствовала себя очень хорошо. И таких примеров у нас много. Каждый раз забирая своих детей родители нас благодарят, мы конечно тоже очень рады что на сегодняшний день у каждого ребенка есть возможность пройти курсы реабилитации и дышать полной грудью»,-резюмировал директор центра «Куншуак» Нуртас Акимбеков.

Поделился директор и планами центра. Так, в следующем году центр планирует оказывать реабилитацию в дневном стационаре, а также открыть отделение травматологической реабилитации. На сегодняшний день проводится подготовка и оснащение кабинетов. Реабилитацией пациентов будет заниматься непосредственно сам директор центра, имеющий 20 летний опыт в данной сфере.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»**

# ПОЧЕМУ ЛЮДИ НЕ ХОТЯТ ПЛАТИТЬ ЗА ОСМС




